

ХАТТАМА №1

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін қоғамдық талқылау

Қатысқандар: 40

2025 жыл

Күн тәртібі:

1 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Тыңдалды:

Бөбекжай директоры Кабулова Р.А Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №12 бұйрығына сәйкес және осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бөбекжайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты жұмыс тобын бекіту керек екенін айта отырып, жұмыс тобына әдіскер Алмағанбетова З.Қ, Сатаева Қ.А – шаруашылық жөніндегі орынбасары, Молдабаева Б.О бөбекжай тәрбиешісі бекітілсін деп ұсынды. Бөбекжай қызметкерлері бір ауыздан келісті.

Мекеме қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ағымдағы жылғы 02 маусымнан бастап заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімінде жүргізіліп отыру керек екенін атап айтты.

Ішкі талдауды уәкілетті жұмыс тобы бөбекжайдың қызметін қозғайтын нормативтік – құқықтық актілердегі және ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыттары бойынша жүзеге асыру.

Бөбекжай директоры сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыс тобын бұйрықпен таныстыра отырып, ішкі талдау жүргізу, үйлестіру жұмыстарының нәтижесіне өзі басшылық ететінін айтты.

Шешім:

1. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №12 бұйрығымен таныстырылды деп саналсын.
2. Жауапты жұмыс тобы бекітілсін.
3. Ішкі талдауды уәкілетті жұмыс тобы бөбекжайдың қызметін қозғайтын нормативтік – құқықтық актілердегі және ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыттары бойынша жүзеге асырсын.

Жиналыс төрайымы :

Кабулова Р.А

Хатшы:

Алмағанбетова З.Қ

